

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша)

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 11 мамыр N 381

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 23 қантарда қабылдаған Қазақстан Республикасының Орман кодексіне K932000_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 45-күжат; 1995 ж., N 20, 120-күжат):

6-баптың 1-тармағындағы "қорықтар мен ұлттық парктерге" деген сөздер "мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге және мемлекеттік табиғи парктерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандар (мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи орман ескерткіштерінің, мемлекеттік қорық аймақтарының ормандары, ерекше құнды орман алаптары, ғылыми маңызы бар ормандар, жаңғақ кәсіпшілігі аймағының ормандары, жеміс-ағаш екпелері, биік таудағы ормандар).";

41-баптың 1-тармағындағы "Қорықтардың, ұлттық және тарихи-табиғи парктердің, табиғат ескерткіштері ормандарында, қорықтық аймақтарда, ғылыми маңызы бар ормандарда," деген сөздер "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында," деген сөздермен ауыстырылсын, жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарының ормандарында, жеміс-ағаш екпелерінде" және "және биік таудағы" деген сөздер алып тасталсын;

41-баптың 2 және 3-тармақтарындағы "Ұлттық және тарихи-табиғи парктер (шаруашылық қызметі аймақтарында)" деген сөздер "Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және мемлекеттік табиғи парктер (шаруашылық қызмет режимі реттелетін, шектелген және дәстүрлер шаруашылық қызметі аймақтарында) деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 31 наурызда қабылдаған Қазақстан Республикасының Су кодексіне K933000_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 149-күжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 408-күжат):

12-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы азатжолмен толықтырылсын:

"респубикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған, ерекше мемлекеттік маңызы немесе ерекше ғылыми құндылығы бар

сutoғандарының тізбесін бекіту;";

XIV тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"XIV тарау. Ерекше қорғалатын табиғи
аумақтардың сutoғандарын пайдалану

82-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сutoғандары

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сutoғандарына мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік қорық аймақтарының, мемлекеттік табиғи қорғалымдардың сutoғандары, ерекше мемлекеттік маңызы немесе ерекше ғылыми құндылығы бар сutoғандар және халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар жатады.

83-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сutoғандарын пайдалану тәртібі

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сutoғандарын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарымен белгіленеді.".

3. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы") 1993 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына Z933300_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 18, 439-құжат):

19-баптың алтыншы азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"- мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи парктерді, мемлекеттік табиғат ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи қорғалымдарды, мемлекеттік қорық аймақтарын және халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарды үйымдастыру";

23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.".

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.".

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; N 13-14, 209-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 1 7-18, 225-құжат):

89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жер құрамы

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік қорық аймақтарының, мемлекеттік табиғи қорғалымдардың, мемлекеттік зоологиялық парктердің, мемлекеттік ботаника бақтарының, мемлекеттік дендрологиялық парктердің, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары ормандарының, ерекше мемлекеттік маңызы немесе ерекше ғылыми құндылығы бар сutoғандардың, халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың, ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылығы бар жер қойнауы участкерінің жерлері жатады.";

90-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Жерді ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының санатына жатқызу

Жерді ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жеріне жатқызуды өздерінің құзыретіне және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 90-1-баппен толықтырылсын:

"90-1-бап. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына жерді резервке қалдыру

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына жерді резервке қалдыру Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес жүргізіледі.";

91-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарындағы жерге қатысты ерекше құқықтық қорғау режимі не шаруашылық қызметтің реттейтін режим белгіленеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жерінің режимі осы Жарлыққа және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес белгіленеді. ";

92-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"92-бап. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының күзетіletін, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарының жері

1. Ерекше қорғауды қамтамасыз ету үшін осы аумақтар шегінде мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау және оның есімін молайтуға қолайсыз әсер ететін кез келген қызметке тыйым салатын ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының

күзетілетін, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтары белгіленуі мүмкін.

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының күзетілетін, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарының мөлшерін, шекарасын және пайдалану режимін жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

2. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының күзетілетін, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарының жерлерін жергілікті атқарушы органдар жеке санатқа бөледі және сол жерде арнаулы белгілермен белгіленеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының күзетілетін, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарының шегіндегі жер участекелері осы аймақтарды күзету үшін белгіленген режимді сақтай отырып пайдаланылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттарға сәйкес мемлекеттік қажеттер үшін алынуы (сатып алынуы) мүмкін.".

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қантардағы N 2828 U962828_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-күжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"11) республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін бекітеді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шаруашылыққа шектеп пайдаланудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы участекелерінің тізбесін бекітеді.";

9-бап мынадай мазмұндағы 6)тармақшамен толықтырылсын:

"6) құзыретті орталық атқарушы органдармен келісе отырып, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілері мен экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, жергілікті маңызы бар ерекше - қорғалатын табиғи аумақтардың санатына жатқызылған жер қойнауы участекелерінің тізбесін бекітеді.";

52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері ерекше күзетілетін құқықтық режимі болатын не мемлекеттік

1. Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері ерекше күзетілетін құқықтық режимі болатын не мемлекеттік

табиғи-қорық қорының дағдылы, бірегей және сирек кездесетін геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін сақтауға арналған шаруашылық қызметі реттелетін режимдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады.

Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участкелеріне мыналар жатады:

геологиялық объектілер - тіректі немесе сипатты тілімдер, сипатты тектоникалық құрылымдар, сирек кездесетін тау жыныстары мен минералдар, метеориттер, сақталынып қалған фауна мен флора қалдықтары бар табиғи және жасанды түрде аршылған жерлер;

геоморфологиялық объектілер - жер бедерінің жасалу процесін айқын көрсететін және туризм мен рекреация үшін ерекше құнды террастар, жайылмалар, үңгірлер, сайлар, каньондар, сарқырамалар мен жер бедерінің басқа да нысандары;

гидрогеологиялық объектілер - бірегей және сирек кездесетін қасиеттерімен ерекшеленетін жер асты сулары және олардың жер бетіне шығатын тұстары;

жартастардағы суреттері, ертедегі кен орындары, тарихи, археологиялық және этнографиялық жағынан маңызды жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да объектілері бар жер қойнауы участкелері.

2. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участкелері жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатады.

3. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участкелерін өзге қажеттер үшін алып қоюға жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 52-1-баппен толықтырылсын:

"52-1-бап. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан

ерекше құнды жер қойнауы участкелерін қорғау мен
пайдаланудың ерекшеліктері

1. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участкелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандарымен белгіленеді.

2. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылар тиісті участкеде жұмысты тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жасайтын уәкілетті органға хабарлауға міндетті".

6. "Экологиялық сараптама туралы" 1997 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына Z970085_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 жылы 29 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кейіннен ерекше құқықтық мәртебе (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық апат аймақтары және басқалар) беру мақсатында аумақтарды кешенді зерттеу материалдары да экологиялық сараптама объектілері болып табылады.";

14-баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Міндettі мемлекеттік экологиялық сараптама жасалуға жататын объектілер";

14-баптың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

Міндettі мемлекеттік экологиялық сараптама жасалуға мына объектілер жатады:";

14-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту мен орналастырудың сызбасы, сондай-ақ осы аумақтарды құру жөніндегі негіздемелер;

7. "Коршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына Z970160_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 жылы 29 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

8-баптың тоғызыншы азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"қорық ісіне жалпы әдістемелік басшылықты үйлестіреді және жүзеге асырады, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша мемлекеттік инспекцияны ұйымдастырады, олардың мемлекеттік кадастрын жүргізеді";

67-баптың 1-тармағындағы "немесе" деген сөз "не" деген сөзben ауыстырылсын;

67-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасында мақсаттарына, қорғау режимдеріне және пайдаланылу ерекшеліктеріне қарай ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мынадай түрлерге бөлінеді:

биосфералық қорықтарды қоса алғанда мемлекеттік табиғи қорықтар;
мемлекеттік ұлттық табиғи парктар;
мемлекеттік табиғи парктар;

мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
мемлекеттік қорық аймақтары;
мемлекеттік табиғи қорғалымдар;
мемлекеттік зоологиялық парктер;
мемлекеттік ботаникалық бақтар;
мемлекеттік дендрологиялық парктер;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандары;
ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды
суюғандары;

Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар;
экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан құнды жер қойнауы
учаскелері.

Қазақстан Республикасының заңдарында ерекше қорғалатын табиғи
аумақтардың өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің құндылығына қарай ерекше
қорғалатын табиғи аумақтар санаттар бойынша жергілікті және республикалық маңызы
бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып бөлінеді.".

8. "Ерекше қорғалатын аумақтар туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан
Республикасының Заңына Z970162_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат):

2-баптың 1-тармағындағы "табиғи эталондар" деген сөздердің

алдынан "генетикалық резервтегі" деген сөздермен толықтырылып,
"ғылыми зерттеулерге, агарту, білім беру ісіне, туризмге және
рекреацияға арналған зат-болмыс" деген сөздер "ғылыми зерттеулер,
агарту, білім беру ісі, туризм және рекреация мәні" деген сөздермен
аудыстырылсын.

65-баптың 1-тармағындағы "немесе" деген сөз "не" деген сөзben
аудыстырылсын;

69-баптың 1-тармағындағы "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар"
деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады" деген
сөздермен аудыстырылсын, "немесе" деген сөз "не" деген сөзben аудыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК